

**Белгіленген тәртіпте әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдарды есепке алуды жүргізу Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 1 маусымдағы № 69 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 25 маусымда № 7758 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 11 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 12.01.2015 № 11 бұйрығымен (ресми жарияланған бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 2) тармақшасына сәйкес, белгіленген тәртіпте әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдардың есепке алынуын жүргізуді жетілдіру мақсатында, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала  
о т ы р ы п ,

**Б Ұ Й Ы Л Д ы :**

1. Белгіленген тәртіпте әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдарды есепке алуды жүргізу Ережесі бекітілсін.

2. «Белгіленген тәртіпте әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалардың есебін жүргізудің бірыңғай тәртібі Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2007 жылғы 7 маусымдағы № 22 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4796 тіркелген) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу ү ш і н ;

2) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департаментіне (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аппараты) жұмыста пайдалану үшін және аумақтық органдарға о р ы н д а у ү ш і н ж о л д а с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

**Белгіленген тәртіпте әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдардың есебін жүргізу ЕРЕЖЕСІ**

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Белгіленген тәртіпте әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдардың есебін жүргізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдарды бірыңғай есепке алу мақсатында енгізілген.

2. Есепке алу Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық органдарының (бұдан әрі – Комитеттің аумақтық органы) әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) «Арнайы есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АЕ ААЖ) енгізуі арқылы жүзеге асырылады.

3. Аудандық және оларға теңестірілген соттардың кеңселері Комитеттің аумақтық органына Қазақстан Республикасы сот органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі (бұдан әрі – ҚР СО БААТЖ) арқылы ақпараттық есепке алу құжаттарының электрондық нұсқаларын (бұдан әрі – ЭАЕК) және адамды әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімін жолдайды.

4. Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдарға қатысты ұсынылған ақпараттың уақытылы орындалуын, толықтығын және дұрыстығын аудандық және оларға теңестірілген сот кеңселерінің меңгерушілері қамтамасыз етеді.

5. Комитеттің аумақтық органдарының басшылары АЕ ААЖ-ға енгізілген мәліметтердің уақытылы орындалуын, толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді.

6. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аудандық және оларға

теңестірілген соттары кеңселерінің, Комитеттің және оның аумақтық органдарының орындауы үшін міндетті.

## **2-бөлім. Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдардың есебін жүргізу тәртібі**

7. Азаматты әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы сот шығарған және заңды күшіне енген шешім адамды есепке қоюға негіз болып танылады.

8. АЕ ААЖ-ға енгізу ЭАЕҚ-ның және ҚР СО БААТЖ арқылы онкүндік сайын Комитеттің аумақтық органдарына келіп түскен азаматтық іс бойынша адамды әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің электрондық көшірмесі (бұдан әрі – шешімнің көшірмесі) негізінде жүзеге асырылады.

9. АЕ ААЖ-ға мәлімет енгізуді Комитеттің аумақтық органдары ЭАЕҚ-ның және сот шешімі көшірмесінің ҚР СО БААТЖ-ға ұсынылған уақытынан бастап 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

10. Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдарға қатысты АЕ ААЖ-ға енгізілген мәліметтерді түзету қажет болған жағдайда соттар ҚР СО БААТЖ арқылы Комитеттің аумақтық органдарына мәліметтерді түзету себептері мен растаушы құжаттарды көрсете отырып, АЕ ААЖ-ға өзгерістер енгізу туралы хабарламаны жолдайды.

11. Комитет есептен шығаруды тұлғаның АЕ ААЖ-дағы мәртебесін «есепке алуда тұр» дегеннен «есептен шығарылды» дегенге Комитеттің аумақтық органдарының растаушы құжаттарды ұсынған хатының негізінде жүзеге асырады.

12. Әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамды есептен шығару негіздері:

- әрекетке қабілеттілігінің толық қалпына келуі туралы заңмен белгіленген тәртіптегі сот шешімі;

- адамды әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы шешімнің күшін жою туралы сот шешімі;

- әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамның қайтыс болуы.

1 және 2 тармақшаларда көрсетілген құжаттарды соттар ҚР СО БААТЖ арқылы Комитеттің аумақтық органдарына ұсынады.

## **3-бөлім. Есепке алу мәліметтерінің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар.**

13. АЕ ААЖ-ға әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдарға қатысты мәліметтерді енгізгеннен/түзеткеннен кейін Комитеттің аумақтық органы 3 жұмыс күнінен артық емес мерзімде электрондық поштамен Комитетке есепке қойылған/түзету енгізілген адамның тегі, аты, әкесінің аты және туған күні көрсетілген тізімді жолдайды.

14. Комитеттің аумақтық органы тоқсан сайын АЕ ААЖ-дағы есепке алу мәліметтеріне «Бірінші сатылы соттардың азаматтық істерді қарау бойынша жұмысы туралы» № 2-есептің статистикалық ақпаратымен және ҚР СО БААТЖ деректерімен салыстырып тексеру жүргізеді.

#### **4-бөлім. Есепке алу бойынша тексеруге жататын адамдар санаты және ол бойынша мәліметтерді сұратып алу тәртібі**

15. Есепке алу бойынша тексеру тексерілуші адамның әрекетке қабілетсіздігі туралы мәліметті алу мақсатында жүргізіледі.

16. Комитеттің әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі адамдарды есепке алуына азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүргізуге Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен уәкілеттілік алған мемлекеттік және басқа органдар және ұйымдар өтініш бере алады.

17. Адамды әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы соттардың қайталап шешім шығаруын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 302-бабы тәртібінде өтініш келіп түскен кезде Комитеттің аумақтық органы соттың сұрауы бойынша орталықтандырылған (республикалық) деректер банкі бойынша тексеруді жүзеге асырады және 5 жұмыс күні ішінде адамды әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы ақпараттың болуы туралы мәліметтерді ұсынады.

Әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп есепте тұрған адамға сұрау келіп түскен жағдайда соттарға шешім шығарған сот, азаматтық істің нөмірі туралы хабарланады.

18. Адамды әрекетке қабілетсіздердің, әрекетке қабілеттілігі шектеулілердің есебіне қою кезінде Комитеттің аумақтық органы осы адамға әрекетке қабілетсіздердің, әрекетке қабілеттілігі шектеулілердің есебі және іздестіру есебі бойынша тексеру жүргізеді.

Адамды қайталап әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тану деректері анықталған жағдайда Комитеттің аумақтық органы 1 жұмыс күні ішінде шешім шығарған сот органына және соған ұқсас, адам іздестіру есебінде анықталған жағдайда – іздестірудің бастамашысына дереу ақпараттық хат жолдауға міндетті.

19. Адамдар туралы ақпаратты сұратып алу Комитетке және оның аумақтық органына әрбір тексерілуші адамға жеке ресімделген талаптарды жолдау арқылы жүргізіледі.

Бланкі нысандары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 санымен тіркелген), оларды толтыру тәртібі және есепке алу бойынша тексеру үшін жолдаулар, сонымен қатар орындау мерзімі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бұйрығымен бекітілген арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу және қолдану Ережесімен белгіленген бланкі нысандарына, есепке алу бойынша тексеру үшін толтыру және жолдау тәртібіне, сонымен қатар орындау мерзіміне бірдей.

Бұл ретте, талаптың «Қандай анықтама керек» 8-тармақтарында «тексерілуші тұлғаның әрекетке қабілеттілігі туралы» белгіленеді.